

Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі
2024-2025 оқу жылы

«Мектептегі тамақтандыру» бойынша анықтама

Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебінің әкімшілігі тұрақты түрде қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша жұмыстар жүргізеді, оқушыларды өзіне қызмет көрсетуге және қоғамдық тамақтану орындарында өзін-өзі ұстау мәдениетіне үйретеді.

Мектепте барлық оқушыларды ыстық тамақпен қамтуға барлық жағдай жасалған.

Әкімшілік пен мұғалімдердің айрықша бақылауымен тегін тамақтануға құқығы бар аз қамтылған отбасылардың балалары тамақтандырылады. Бір реттік ыстық тамақ құны 2024-2025 оқу жылында 603 теңгені құрайды. Тамақтану үшін сабақ арасындағы үзілістерді ұйымдастырылған.

Мектепте ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізіледі: ата-аналар жиналыстарында балаларды ыстық тамақпен қамту қажеттілігі түсіндіріледі; мектеп оқушыларымен тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ақпараттық және тәрбие жұмыстары: оқушыларды ыстық тамақтануға қатыстыру бойынша сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар өткізілген. Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Барлық сынып жетекшілері оқушыларды асханаға алып барады және тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды.

Мектеп директоры



А.С.Оспагамбетова